

Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне және Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар Жарлықтарына өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 21 желтоқсандағы N 2703 Заң күші бар жарлығы

"Қазақстан Республикасының Президенті мен жергілікті әкімдерге қосымша өкілеттік беру туралы" 1993 жылғы 10 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының Z933600_ 1-бабына сәйкес, салық жүйесін жетілдіру, мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қаражатының тиімді пайдалануына бақылауды қамтамасыз ету, әлеуметтік жеңілдіктерді реттеу мақсатында қаулы етемін:

I. Қазақстан Республикасының төмендегі заң актілері мен Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар Жарлықтарына мынадай өзгертулер мен толықтырулар енгізілсін:

1. "Қазақ ҚСР-нің Еңбек туралы заңдары кодексін бекіту туралы" 1972 жылғы 21 шілдедегі Қазақ ҚСР Заңымен (Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Ведомостары, 1972 ж., N 31, қосымша; 1984 ж., N 36, 447-құжат) бекітілген Қазақ ҚСР-нің Еңбек туралы заңдары кодексіне:

1) 224-баптың бесінші бөлігіндегі "мемлекеттік әлеуметтік сақтандырумен, сондай-ақ" сөздері алынып тасталсын;

2) 227-баптың бірінші бөлігі оныншы абзацындағы "жұмысшылар мен қызметшілердің мемлекеттік әлеуметтік сақтандырылуын жүзеге асырады, әлеуметтік сақтандыру жөнінде жәрдемақы тағайындайды" сөздері алынып тасталсын;

3) 232-баптың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"жұмысшылар мен қызметшілерді мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру мемлекет есебінен жүзеге асырылады. Әлеуметтік сақтандыру жарналарын жұмысшылар мен қызметшілердің жалақысынан ешқандай ұстап қалмай ұйымдар төлейді. Ұйымның сақтандыру жарналарын төлемеуі жұмысшылар мен қызметшілерді мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру жөнінде қамтамасыз етілуінен айыра алмайды";

4) 235(1)-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру жөніндегі жәрдемақыларды берудің негізгі шарттары мен олардың мөлшерін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді".

2. "Стандарттау және сертификаттау туралы" 1993 жылғы 18 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1993 ж., N 1, 13-құжат, 1995 ж., N 8, 57-құжат) 25-бабындағы екінші бөлігі алынып тасталсын.

3. "Әскери қызметшілерді, Ішкі істер органдарының басшы және қатардағы құрамының адамдары мен олардың отбасыларын зейнетақымен қамтамасыз ету туралы" 1993 жылғы 21 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңында (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1993 ж., N 2, 35-құжат);

1) 50-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"50-бап. Зейнетақыны қайта есептеу

Әскери қызметшілерге, ішкі істер органдарының басшы және қатардағы құрамының адамдары мен олардың отбасыларына тағайындалатын зейнетақылар жәрдемақылар мен өзге де әлеуметтік төлемдерді есептеу үшін заңда белгіленген есепті көрсеткішті өзгерту коэффициентіне сәйкес арттыруға жатады";

2) 55-баптың екінші бөлігі алынып тасталсын.

4. "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 24 сәуірдегі Заң күші бар N 2235 Жарлығында (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 6, 43-құжат):

1) 1-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Қазақстан Республикасының салық заңдары республикалық және жергілікті бюджеттерге салық сипатындағы міндетті төлемдерді (бұдан былай - салық) белгілейтін және Қазақстан Республикасында салық қатынастарын реттейтін (бұған Қазақстан Республикасының кеден заңдарымен реттелетін кеден төлемдерінің, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заң актілерімен реттелетін арнаулы қорларға төлемдердің мәселелері кірмейді) осы Жарлықтан, Қазақстан Республикасының Президенті мен Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінен, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің бас салық инспекциясының актілерінен тұрады";

2) 2-баптың 1-тармағы "жергілікті салық" сөздерінен кейін "пен алымдар" сөздерімен толықтырылсын;

3) 5-баптағы 13), 14) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

"13) айлық есепті көрсеткіш - кезекті жылға арналған республикалық бюджетте немесе өзге нормативтік құқықтық актіде зейнетақыларды, жәрдемақылар мен өзге де әлеуметтік төлемдерді есептеу үшін, сондай-ақ айыппұлдық санкцияларды, салық және басқа да төлемдерді қолдану үшін жыл сайын белгіленетін айға көрсеткіш;

14) жылдық есепті көрсеткіш - жыл ішіндегі айлық көрсеткіштердің жиынтығы";

4) 7-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Табыс салығын салу объектісі:

- жылдық жиынтық табыс пен осы Жарлықта көзделген шегеріс жасау арасындағы айырма ретінде есептелген салық салынатын табыс;

- қызметкерлерге нормаланған шамадан артық берілген материалдық және әлеуметтік игіліктерді ескере отырып еңбекке ақы төлеу шығындарына асырылған сома . Еңбекке ақы төлеу шығындарының нормаланған шамасының мөлшері мен тәртібін,

сондай-ақ жеке салалар мен салық төлеушілерге арналған ерекше шарттарды Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді";

2. Салық салынатын табыс және қызметкерлерге нормаланған шамадан артық берілген материалдық және әлеуметтік игіліктерді ескере отырып еңбекке ақы төлеу шығындарынан асырылған сома теңгемен анықталады";

5) 13-баптың 2) тармақшасындағы "бұрынырақ Қазақстан Республикасында төлем кезінде оларға салық салынған" сөздері алынып тасталсын;

6) 14-баптың 1-тармағы "мемлекеттік жұмыспен қамтуға жәрдемдесу қорына" сөздері "Қазақстан Республикасының заңдарымен реттелетін арнаулы қорларына" сөздерімен алмастырылсын;

7) 17-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Банктердің провизиялар жөніндегі күмәнді әрі сенімсіз борыштардан Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің келісуі бойынша Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген мөлшерде шегеріс жасауға хақы бар";

8) 20-баптың:

5 және 8-тармақтарында "ең төменгі айлық жалақыдан" сөздері "айлық есепті көрсеткіштен" сөздерімен алмастырылсын;

10-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"10. Өндірісте тікелей пайдаланылатын технологиялық жабдықтардың амортизациясы пайдаланыла бастаған алғашқы үш жылда негізгі құрал-жабдықтардың тиісті тобы үшін белгіленген нормалар шегінде есептеледі, ал құнының қалған бөлігі пайдаланудың үш жылы аяқталған соң салық төлеушінің қалауы бойынша одан кейінгі амортизациялық кезеңнің кез-келген сәтінде шегерілуге жатады";

9) 28-баптағы "ең төменгі бір айлық жалақы" сөздері "айлық

есепті көрсеткіш" сөздерімен алмастырылсын;

10) 29-баптағы "мәртеге дейінгі ең төменгі жылдық жалақыдан" сөздері "мәртеге дейінгі жылдық есепті көрсеткіштен" сөздерімен алмастырылсын;

11) 30-бап мынадай мазмұндағы жаңа 2-тармақпен толықтырылсын:

"2. Арнаулы экономикалық аймақтың аумағында тіркелген және қызметін жүзеге асыратын заңды тұлғалардың салық салынатын табысы 20 проценттік ставка бойынша салық салуға жатады";

2-тармақ 3-тармақ деп саналсын;

12) 32-баптың 1-тармағындағы "және жеке" сөздері алынып тасталсын;

13) 34-бапта:

1-тармағының:

1) тармақшасындағы "ААФЖЕК Орталық Комитеті" сөздері алынып

тасталсын;

мынадай мазмұндағы 5) тармақшамен толықтырылсын:

"5) мемлекеттік бюджет және Қазақстан Республикасының заңдарымен реттелетін арнаулы қорлар есебінен, мемлекет кепілдігімен қамтамасыз етілген шетелдік кредит желілері бойынша, сондай-ақ тізбесін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген халықаралық ұйымдар желісі бойынша алынған мүлік бойынша ұсталатын ұйымдар";

4-тармағындағы "жылына 480 мәрте ең төменгі айлық жалақысының", "жылына 240 мәрте ең төменгі жалақысының" сөздері тиісінше "жылына 480 мәрте айлық есепті көрсеткіштің", "жылына 240 мәрте айлық есепті көрсеткіштің" сөздерімен алмастырылсын;

6-тармағындағы:

"Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті белгілеген тізбе бойынша" сөздері алынып тасталсын;

мынадай мазмұндағы абзацтармен толықтырылсын:

"кәсіпкерлік қызметпен айналысатын заңды және жеке тұлғалардың жиынтық жылдық табысы:

а) қаражатты бюджеттен тыс "Жаңа астана" қорына жұмсағанда

кәсіпкерлік қызметтен алынған салық салынатын табыстың он процентінен аспайтын қаражат сомасына;

б) Ақмола қаласында тұрғын үйлер салуға жұмсалған қаражат сомасына кемітіледі".

7-тармағындағы "мамандандырылған" сөзі алынып тасталсын,

"облыстардың Алматы және Ленинск қалаларының әкімдері жанынан" сөздері "облыстардың, Алматы қаласының әкімдері жанынан" сөздерімен алмастырылсын;

14) 49-баптың 1-тармағы 3) тармақшасындағы "ең төменгі айлық жалақыдан" сөздері "айлық есепті көрсеткіштерден" сөздерімен алмастырылсын;

15) 50-баптың 3-тармағының 1-тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) банктер мен банк операцияларының жекелеген түрлерін орындайтын басқа ұйымдардан жалақы төлеуге қаражат алған кезде бюджетке салық сол қаражатты алысымен бір мезгілде, басқа жағдайларда төлем жасалған ай аяқталған соң 5 банк күні ішінде аударуға";

16) 56-баптың 2-тармағындағы "ең төменгі айлық жалақының мәрте шамасын" сөздері "айлық есептік көрсеткіштің мәрте шамасын" сөздерімен алмастырылсын;

17) 61-бапта:

1-тармақ:

мынадай мазмұндағы 8) тармақшамен толықтырылсын;

"8) геологиялық-барлау және геологиялық іздестіру жұмыстары";

8), 9), 10)-тармақшалары тиісінше 9), 10), 11)-тармақшалары болып есептелсін;

мынадай мазмұндағы 12) тармақшамен толықтырылсын;

"12) бюджет қаражаты есебінен сатып алынатын және мемлекеттік бюджет есебінен ұсталатын ұйымдар әкелетін тауарлар импорты, сондай-ақ мемлекеттің кепілдігімен қамтамасыз етілген шетелдік кредит желілері бойынша сатып алынатын тауарлар импорты";

18) 65-бап алынып тасталсын;

19) 70-бапта:

3-тармақтың бірінші абзацы мынадай сөздермен толықтырылсын:

"Бұған Қазақстан Республикасы Үкіметі тізбесін анықтайтын жабдықтар мен медикаменттердің импорты бойынша қосылған құнға салынатын салық жөнінде есепте тұрған салық төлеушілер төлеуге тиісті қосылған құнға салынатын салық кірмейді"

мынадай мазмұндағы 4-тармақпен толықтырылсын:

"4. Қосылған құнға салынатын салық жөнінде есепте тұрған салық төлеушілер Қазақстан Республикасының Үкіметі анықтайтын тізбедегі жабдықтар мен медикаменттердің импорты бойынша қосылған құнға салынатын салықты Қазақстан Республикасы Кеден комитетінің келісуі бойынша Бас салық инспекциясы белгілеген тәртіппен төлейді";

20) 71-баптың 2-тармағындағы "ең төменгі айлық жалақыдан" сөздері "айлық есепті көрсеткіштерден" сөздерімен алмастырылсын.

21) 76-баптың 1-тармағының 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) спирттің барлық түрлері";

22) 94-бапта:

3-тармақ "Үкіметімен" сөзінен кейін "немесе уәкілді мемлекеттік органдарымен" сөздерімен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы 6-тармақпен толықтырылсын:

"6. Қазақстан Республикасының Үкіметі немесе уәкілді мемлекеттік органдары жер қойнауын пайдаланушылармен жасасқанға дейін жер қойнауын пайдалану жөніндегі барлық контрактілер Бас салық инспекциясында алдын-ала міндетті түрдегі салық сараптамасынан өтуге тиіс".

23) 122-баптағы "105 және 106", "111 және 112" сандары тиісінше "108 және 109", "114 және 115" сандарымен алмастырылсын.

24) 123-бапта:

2-тармақ "Елді мекендердің" сөздерінен кейін "сондай-ақ жалпы

пайдаланудағы мемлекеттік автомобиль жолдарының жүйесі орналасқан" сөздерімен толықтырылсын;

3-тармақтағы:

2) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"2) мемлекеттік бюджет есебінен ұсталатын ұйымдар";

3) тармақшадағы "(кәсіпорындарсыз)" сөзінен кейін "Қазақстан Республикасының Қызыл Жарты Ай және Қызыл крест ұлттық қоғамы (кәсіпорындарсыз) және балалардың қайырымдылық қорлары (кәсіпорындарсыз) сөздерімен" толықтырылсын, "ААФЖЕК-ның Орталық Комитеті" сөздері алынып тасталсын;

25) 125-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын;

"Салықтарды төлеу жер учаскелері орналасқан жерде жүргізіледі";

26) 128-баптағы "ең төменгі айлық жалақыдан" сөздері "айлық есепті көрсеткіштен" сөздерімен алмастырылсын;

27) 129-бап мынадай мазмұндағы жаңа 8) тармақшамен толықтырылсын:

"8) мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдар, сондай-ақ кәсіпкерлік қызметте пайдаланылатын көлік құралдары жөніндегі коммерциялық емес ұйымдар";

8) тармақша 9) тармақша болып есептелсін;

28) 130-баптың 2-тармағы "төленеді" сөзінен кейін мынадай мазмұндағы сөйлеммен толықтырылсын: "Салықты төлеу көлік құралдары тіркелген жерде жүргізіледі".

29) 134-бапта:

1-тармақ мынадай мазмұндағы 4) тармақшамен толықтырылсын:

"4) жалпы пайдаланудағы мемлекеттік автомобиль жолдарын және олардағы жол құрылыстарын жедел басқаруға құқығы бар ұйымдар";

2-тармақтағы "ең төменгі айлық жалақы" сөздері "айлық есепті көрсеткіш" сөздерімен алмастырылсын;

30) 135-бапта:

бірінші және екінші абзацтары 1 және 2-тармақтар деп есептелсін;

мынадай мазмұндағы 3-тармақпен толықтырылсын:

"3. Салық салу объектілері тұрған жерде төленеді".

31) 137-баптың 2-тармағының екінші абзацы "қатысты" сөзінен кейін: "сондай-ақ қылмыстық-іс жүргізу заңдарында белгіленген жағдайларда" сөздерімен толықтырылсын;

32) 148-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"148-бап. Талаптың ескіру мерзімі

Салық қызметі органдарының қайта қаралған салық сомасын немесе есептелген салық сомасын төлеу туралы талаптарына, сондай-ақ салық төлеушілердің артық төленген салық сомасын қайтару немесе есепке алу туралы талаптарына жасалатын талаптың ескіру мерзімі бес жыл болып белгіленеді";

33) 155-бапта:

1-тармақтағы "Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті белгілеген тәртіппен салық төлеушінің мүлкін тұмшалауға" сөздері "Үкімет белгілеген тәртіппен салық төлеушінің мүлкіне билік етуді шектеу туралы шешім шығаруға" сөздерімен алмастырылсын;

2 және 3-тармақтарындағы "тұмшалаған" және "тұмшалау туралы

шешім" сөздері тиісінше "билік ету шектелген" және "билік етуін шектеу туралы" сөздерімен алмастырылсын;

34) 156-баптың 1 және 2-тармақтарындағы "тұмшалаған" және "тұмшалау туралы" сөздері тиісінше "билік етуі шектелген" және "билік етуін шектеу туралы" сөздерімен алмастырылсын;

35) 157-баптың атауындағы және 1-тармағындағы "тұмшаланған" сөзі тиісінше "билік етуі шектелген" сөздерімен алмастырылсын;

36) 161-баптың 2-тармағы "артық төленген сомасы" сөздерінен кейін "қосылған құнға салық сомасының орнын толтыруға жататыннан басқа" сөздерімен толықтырылсын;

37) 164-баптың 1-тармағы 1) тармақшасындағы "күніне" сөзі алынып тасталсын;

38) 172-бапта:

7) тармақша "бірінші кезектегі тәртіппен" сөздерінен кейін "бұрын есептелінген салық сомасын салық салынатын кезең аяқталған соң 5 жыл ішінде есептеуге немесе қайта қарауға" сөздерімен толықтырылсын;

20) тармақша алынып тасталсын;

39) 176-бапта:

7-тармағындағы "бірыңғай киім нысаны мен" сөздері алынып тасталсын;

8-тармағындағы "әскери" сөзі алынып тасталсын;

9-тармағындағы "Әскери қызметшілерді, ішкі істер органдарының қатардағы және басшы құрамдағы адамдары мен олардың отбасы мүшелерін зейнетақымен қамтамасыз ету туралы" Қазақстан Республикасының Заңымен белгіленген" сөздері "ішкі істер органдарының қызметкерлеріне арналып белгіленген" сөздерімен алмастырылсын;

10-тармағы алынып тасталсын:

11-тармақ 10-тармақ болып есептелсін және ондағы "әскери қызметшілер мен олардың отбасы мүшелері" сөздері "ішкі істер органдарының қызметкерлері" сөздерімен алмастырылсын;

40) 178-баптың 1-тармағындағы 3-тармақша алынып тасталсын;

41) 179-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Қазақстан Республикасының Үкіметі немесе уәкілді мемлекеттік басқару органдары мен отандық немесе шетелдік жер қойнауын пайдаланушылар арасында 1995 жылдың 1 шілдесіне дейін жасалған контрактілерде анықталған салық салу шарттары олардың

қолданылу мерзімдеріне сақталады".

5. Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 20 шілдедегі Заң күші бар N 2368 Жарлығында:

1) 384-бапта:

бірінші бөлігінің:

бірінші абзацындағы "қоспағанда" сөзінен кейін "толығымен мемлекеттік бюджетке" сөздерімен толықтырылсын;

екінші және үшінші абзацтар алынып тасталсын;

екінші бөлік алынып тасталсын;

2) 409-баптың бірінші бөлігіндегі "жол құны төленіп" сөздері алынып тасталсын;

3) 410-бапта:

баптың атауындағы "азық-түлік үлесімен" сөздері алынып тасталсын;

екінші және бесінші бөліктері алынып тасталсын;

4) 411-бапта:

баптың атауындағы "және іссапарда болу" сөздері алынып тасталсын;

бірінші және екінші бөліктері алынып тасталсын;

5) 412-баптың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасы кеден органдарының лауазымды адамдарын және олардың отбасылары мүшелерін зейнетақымен қамтамасыз ету Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес белгіленеді".

II. "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер

туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 24 сәуірдегі N 2235 Жарлығындағы (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 6, 43-құжат) мына ережелердің:

1-баптағы 2-тармақтың қолданылуы 1997 жылдың 1 қаңтарына дейін;
мемлекеттік бюджетке берешекті өтеудің мынадай:

1) салық сомасы;

2) есептелген есім;

3) есептелген айыппұл кезектілігі белгіленіп, 153-баптың
қолданылуы 1998 жылдың 1 қаңтарына дейін тоқтатыла тұрсын.

III. Осы жарлық 1996 жылдың 1 қаңтарынан бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Президенті

Оқығандар:

Омарбекова А.Т.

Икебаева Ә.Ж.